

Латын графикасы: күн тәртібіндегі мәселелер

ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімшесінің ұйымдастырумен ағымдағы жылдың 13 қарашасында «Латын графикасы: күн тәртібіндегі мәселелер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



Іс-шараға Академия қызметкерлері және арнайы шақыртылған «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Гүлмира Талғатқызы Крикпенова қатысты.



Дөңгелек үстел барысында тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Гүлмира Талғатқызы баяндама жасап, көпшілікті жетілдірілген әліпби нұсқасымен таныстырып өтті.

«Бір дыбыс – бір әріп» қағидатына толық сәйкес келетін жетілдірілген әліпби құрамында 31 әріп бар, оның ішінде әріптерді таңбалау барысында умлаут, бревис, макрон, седиль, тильда диакритикалық таңбалары қолданылған. Тілдің дыбыстық ерекшелігін сипаттауда пайдаланылатын диакритикалық таңбалардың дауысты және дауыссыз дыбыс таңбасының бөлек екені, әліпбидегі әр диакритиканың өз қызметі бар екені атап өтілді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар латын қарпіндегі әліпби жөнінде ой бөлісіп, осы нұсқаның барынша жеңіл екенін атап өтті.

Б. НҰРБЕКОВА,
ИМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының ИСКБ
инспекторы

Шұғыл тежеу шарасын қолданған

Желілік полиция қызметі тарапынан теміржол маңайында мал жаюға болмайтыны туралы жұртшылық құлағдар етіліп келеді. Дегенмен...

Жуырда Қостанай станциясындағы Желілік полиция бөлімінің кезекші бөліміне ПЧ-35 диспетчерінен сағат 02-39-да «Құншаш-Шоққарағай» аралығындағы 329 шақырымы 5-ші пикетте жүк поезының машинисі темір жолда ірі қара малдың жүруіне байланысты шұғыл тежеу жасағаны туралы телефон хабарламасы келіп түскен.

Қостанай станциясындағы ЖПБ қызметкерлері жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында ірі қара малдың иесі 37 жастағы Қостанай облысы Алтынсарин ауданының тұрғыны екені анықталды.

Аталған факті бойынша мал иесіне ҚР ӘҚБТК-нің 559-бабының 1-бөлігі бойынша, темір жолдардың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзу бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 5 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Қостанай ст. ЖПБ

Сыбайлас жемқорлыққа әсер ететін жағдайларға талдау жүргізіледі

Өткен сейсенбіде, 17 қарашада Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу бойынша кеңес өткізді.

Бірінші вице-министр Марат Шорановтың төрағалығымен өткен жиынға министрліктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысты, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметтеріне сілтеме жасап.

М.Шоранов атап өткендей, денсаулық сақтауды дамыту - мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі басымдықтарының бірі. Халықтың әл-ауқатын жақсартудың бірі ретінде медицина қызметтерінің

қолжетімділігі мен сапасына ерекше назар аудару маңызды.

«Пандемия бүкіл денсаулық сақтау жүйесінің күшін сынауда және біздің қызметімізге айтарлықтай түзетулер енгізді. Жұмыс барысындағы кейбір процестердің жетілмегендігін, солардың ішінде сыбайлас жемқорлық компоненттерін, жылдар бойы жинақталған проблемаларды ашты», - деді бірінші вице-министр.

Ағымдағы жылдың 2 қазанында Денсаулық сақтау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша министрліктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметімен бірлескен отырысы барысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой департамент жүргізіп жатқан жұмыстар туралы айтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және

жою бойынша сындарлы ынтымақтастыққа дайын екенін білдіргенеді. Сондай-ақ, министр орталық аппараттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуді бастағанын айтқан болатын. Сонымен бірге Агенттіктің төрағасы Алик Шпекбаев бұл бастаманы қолдаған. Алдағы уақытта осындай жұмыстар министрліктің жаңадан құрылған комитеттері мен аумақтық департаменттерінде жүргізіледі.

«Ағымдағы жылдың 16 қарашасында Бірлескен бұйрыққа қол қойылды, соның аясында жұмыс тобы министрліктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мен нормативтік құқықтық актілеріндегі 2020 жылғы 17 қарашадан 20 желтоқсанға дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізеді», - деді М.Шоранов.

Сонымен бірге, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «СК-Фармация» және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Қазір кемшіліктерді жою жұмыстары жалғасуда.

«Министрлік денсаулық сақтау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын алу үшін ашықтық және объективтілікті басшылыққа алады. Сонымен қатар, біз жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз», - деді бірінші вице-министр.

Жалпы, кеңеске қатысушылар Денсаулық сақтау министрлігінің қызметімен және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен танысып, сыртқы талдау жүргізудің ұйымдастырушылық мәселелерін талқылады.

Жұмыспен қамту орталығының қызметін онлайн алуға болады

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 17 қарашадан бастап республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарының тұрғындары үшін тесті режимде халықты жұмыспен қамту қашықтықтан қызмет көрсету функционалын іске қосты, деп хабарлайды ҚазАқпарат Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Қазақстандықтар Электронды еңбек биржасындағы «жеке кабинетінде» жұмыс іздеп жүрген адам немесе жұмыссыз ретінде есепке тұра алады, мемлекет субсидиялайтын бос жұмыс орындарын өз бетінше таңдай алады және т. б. Жоғарыда көрсетілген қызметтерді онлайн режимде алу үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, ЭЕБ-да тіркелу қажет.

«Электрондық еңбек биржасындағы пилоттық жоба жұмыссыздарды тіркеу рәсімдерін жеңілдету және жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік

қызметтерді, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алуды жеңілдету үшін іске қосылды. Енді барлығын тек интернет, компьютер және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен жасауға болады», - деп хабарлады «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Дәулет Арғындықов.

Интернет немесе компьютер болмаған жағдайда қызметтерді ХЖҚО-да өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын пайдалана отырып алуға болады. Бұл азаматтарға халықты жұмыспен қамту орталығының маманына қабылдауға кезек күтпеуге және COVID-19 пандемиясы жағдайында тіке байланысты азайтуға мүмкіндік береді.

«Қызмет толықтай автоматтандырылған. Бұл дегеніміз, егер портал үш жұмыс күні ішінде адамға лайықты жұмыс таба алмаса, онда Электрондық еңбек биржасы жұмыссыз ретінде автоматты түрде тіркелісі. Осылайша, адам факторы толығымен алып тасталады», - деді Дәулет Арғындықов.

«Жеке кабинетте» қазақстандықтар

өздерінің тіркелу кезеңдерін қадағалай алады. Жұмыссыз мәртебесін алғаннан кейін азаматтар онлайн-режимде ЭЕБ-да жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемге өтінім бере алады және мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын – жастар практикасында, әлеуметтік жұмыс орындарында, қоғамдық жұмыста бос жұмыс орындарын өз бетінше таңдай алады. Жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз ретінде тіркеу, мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына жіберу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем алу бойынша қызмет көрсету туралы толығырақ ЭЕБ порталынан немесе халықты жұмыспен қамту орталығынан білуге болады.

Еске сала кетсек, Үкімет отырысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов 2022 жылы әлеуметтік-еңбек саласындағы қызметтердің 93 пайызы электронды болады деп мәлім етті.

Ипотека жаңа технология арқылы рәсімделеді

Қазақстанда болашақта ипотека Blockchain технологиясы арқылы рәсімделетін болады. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің Facebook желісіндегі парақшасында жазды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Б.Мусин желідегі парақшасында Үкімет отырысында (17.11.2020 ж.) көтерілген кейбір мәселелерге түсінік берген. «Бүгін Үкімет отырысында Премьер-Министрге ипотеканы

рәсімдеудің күрделі процесін блокчейн технологиясымен алмастыруға уәде бердім. Ипотекаға пәтер сатып алғанда, келілді тіркеу қажет. Бүгінде банктен құжаттарын алып, оларды ХҚКО-ға ұсыну қажет. 3 жұмыс күнінен кейін ХҚКО-дан құжаттарды алып, оларды қайтадан банкке кері қайтару керек. Содан кейін ғана ипотека беріледі. Рәсімдеу кезіндегі бюрократияны шешу үшін Blockchain технологиясын қолдандық. Осы күрделі процес тек сынақ форматында автоматтандырылды. Бұл бізге қандай мүмкіндіктер берді? Ипотеканы рәсімдеу

мерзімін қысқарту және клиент деректерінің сақталуы. Мұндай жобалар басқа банктер тарапынан да іске асырылатын болады және құрылыс компаниялары да осы технологияға қызығушылық танытып, процеске тартылады деп үміттенеміз», - деп жазды министр.

Оның айтуынша, Үкімет отырысында көтерілген тағы бір мәселе автокөлікті сатып алу-сату процесін өзгерту. Автокөлікті тіркеу онлайн режимінде қолжетімді болғанына қарамастан, азаматтар Мамандандырылған ХҚКО-ға тікелей келіп, көп уақытын

жұмсайды. Мамандандырылған ХҚКО-ларға жыл сайын 3 млн астам азаматтар жүгінеді. Онда қашанда ұзын-сонар кезек.

«Біз енгізген жаңа процесс – базада сатып алушы ақшаны автомобильді сатушының шотына аударғаннан кейін бірден автокөлік иесін өзгертуге мүмкіндік береді. Барлық мәселелерді жедел пысықтағаны үшін ИМ әріптестеріне алғыс айтқым келеді. Бүгін ғана осындай ыңғайлы сервис пилоттық режимде Kaspi.kz қосымшада қолжетімді», - деп жазды Б.Мусин.

Түнгі уақытта жұмыс істеген дәмханалар анықталды

Қостанай облысы полиция департаментінің мәлімдеуінше, облыс аумағында карантин шараларына қарамастан бірқатар дәмханалар мен қоғамдық тамақтану орындары жұмыс істеуін жалғастыруда.

Жұртшылыққа белгілі, 16 қарашадан бастап облыс көлемінде карантиндік шектеулер күшейтілген болатын. Осы орайда мониторингтік топ мүшелері

ортақ тәртіпті бұзуға жол бермеу мақсатында орта және шағын бизнес нысандарын тексеруді жалғастырып келеді. Енгізілген ережеге сай, түнгі уақытта тағам сататын дүңгіршектер қызметі 21:00-де тоқтап, тапсырыс жеткізуге 22:00-ге дейін ғана рұқсат берілген. Соған қарамастан дәмханалар мен тамақтану орындары шектеу шараларын орындамай, жұмыс істеп келген.

Облыста осы күнге дейін санитариялық-эпидемиологиялық талап

бұзушылықтың 5300-ге жуық дерегі тіркеліп, 1400-ден астам хаттама толтырылды. Жалпы саны 900-ге жуық айыппұл салынды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Қостанайда жеті мониторингтік топ құрылған. Олар күн сайын карантин режимінің сақталуын қадағалайды.

«16 қарашада санитариялық бекеттерде 11773 автокөлік тексерілді. Облысқа себепсіз кіру фактісі бойынша ҚР Мемлекеттік шекарасында 1 автомашина кері қайтарылды.

Шекараға келген автокөлікті тексеру кезінде КВИ белгілері бар адамдар анықталған жоқ. Мониторингтік топтардың мәліметінше, кеше карантин режимі 90 рет бұзылған. Жұмыс орындарында маскасыз жүргендерге, тыйым салынған уақыттан кейін жұмыс істеген дәмханалар мен тамақтану орындарына ескерту жасалды. Сағат 22.00-ден кейін ретсіз көшеде жүргендер анықталды», - делінген полицияның хабарламасында.

Қазақстан полициясындағы реформалар: өткені мен бүгіні

Ішкі істер саласының, сол салада қызмет ететін мамандардың имиджі қашанда өзекті және заңның тікелей көрінісі ізлетті. Мәселен, коммунистік режимнің құрылуымен бір мезетте пайда болған НКВД үштіктері және кейіннен құрылған милиция қызметі биліктің қолшоқпары қызметін атқарып, сол кезеңдегі саяси билікті қорғауға барынша қызмет етті.

Алайда, бертін келе кеңестік идеология тұсында барлық теледидар, газет-журналдар милицияның келбетін халықтың қорғаушысы ретінде насихаттап, көптеген жас жеткіншек көкейінде өскенде милиция боламын, қылмыспен күресетін үлкен тұлға боламын деп армандап өскені жасырын емес.

Қылмыспен күресу, қоғамдық тәртіпті бақылау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әділдік жолында қызмет ету кезінде қалтқысыз жұмыс істеген ішкі істер ардагерлерінің еңбегін, әрине, ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол уақыттың басты идеологиялық құралы теледидарда, газет беттерінде еңбегімен ерекшеленген азаматтар жайлы көптеп айтылды да, жазылды да.

Кеңес үкіметі құлағаннан кейін Қазақстан өз алдына мемлекет болып бөлініп шыққан соң, милиция атауы полиция деп өзгертіліп, жаңа атаумен өзгерістерге, жаңашылдыққа қарай өзгеруге ұмтыла бастады. Дегенмен бұрынғы кадр құрамымен, жұмыс жүйесімен бірден өзгерістерді күту ғажайыпты күткенмен тең екені түсінікті. Өйткені бүгінгі полицияның көшегі милицияның мұрагері екенін ескерсек оқыған білімі, алған тәжірибесі тұрғысынан биліктің бұйрығын орындау басты қызметі деп түсінетін полиция құрылымының дағдысын бірден өзгерту оңай шаруа болмады.

Алайда тәуелсіздік алған кезеңнен бастап полицияның жұмысын ізгілендіру кезең-кезеңмен жолға қойылып келеді. Мысал ретінде, бұрын кез-келген милиция қызметкері көлікті тоқтатып құжаттарын тексеруге немесе басқа да әрекеттерге араласуға құқылы болса, бүгінгі полиция қызметкері тек қана өзіне бекітілген қызметтерді ғана атқаруға міндетті. Тіпті жол полициясының өзі Қазақстан Республикасы «Жол жүрісі туралы» Заңының 52-бабының талабына сай, тек сегіз жағдайда ғана көлік құралдарын тоқтатуға құқылы. Атап айтар болсақ:

- көлік құралы жүргізушісінің осы Заңның талаптарын және (немесе) жол жүрісі қағидаларын бұзуы, оның ішінде сертификатталған арнайы техникалық құрал және аспап тіркеген жол жүрісі қағидаларын бұзуы;
- айдап әкетілген, ұрланған көлік құралдарын, сондай-ақ жүргізушілері жол-көлік оқиғалары, көлік құралдарын

пайдаланумен байланысты өзге де қылмыстар болған жерден қашып кеткен көлік құралдарын іздестіру жөніндегі жұмыс;

- заңда көзделген жағдайларда көлік құралын беру қажеттігі;

- стационарлық полиция бекеттерінде, сондай-ақ жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде жүргізушінің құжаттарын тексеру;

- полиция бекеттерінде және бақылау-өткізу пункттерінде тасымалданатын жүк құжаттарын тексеру. Арнайы іс-шараларды жүргізу кезеңінде тасымалданатын жүк құжаттарын тексеру мақсатымен көлік құралдарын полиция бекеттерінен тыс жерде тоқтату;

- уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың қозғалысты шектеу немесе оған тыйым салу туралы шешімдерін орындау;

- жүргізушіге және (немесе) жолаушыға (жолаушыларға) өздері куә болып табылатын жол-көлік оқиғаларының, әкімшілік құқық бұзушылықтың, қылмыстың жасалу мән-жайлары туралы сауал қою қажеттігі;

- жол жүрісін реттеу кезінде жол беріледі.

Басқа жағдайларды көлікті тоқтатуға осы заңмен қатаң тыйым салынады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы алғаш рет 1992 жылы қабылданған болса, 1995 жылы Конституцияның өзгеруіне орай жаңа заң қабылданып, қазіргі таңда бұл заңның да күші жойылды. Яғни 2014 жылы «Ішкі істер органдары туралы» жаңа заң қабылданып бүгінгі таңға дейін қызмет атқаруда. Қарап отырсақ тәуелсіздік алғалы еліміздегі «Ішкі істер органдары туралы» заң үшінші рет өзгеріске ұшыраған. Бұған қосымша Ішкі істер министрінің ішкі бұйрықтарымен, ережелерімен полицияның жұмысы жылдан-жылға өзгертіліп келеді.

Нәтижесінде полицияның жұмысы біртіндеп цифрлық технологиямен толықтырылып, көшелерде камералар көбейе бастады. Полицияның штаттары қысқартылып, кейбір қызмет түрлерінен арылды. Мәселен, бұрын ішкі істер саласындағы шаруашылық қызметкерлер, есепшілер, жүргізушілердің барлығы полиция шенінде болған болса, қазір бұл қызметтерді көдімгі еңбек қатынасындағы азаматтар атқаруда. Осының барлығы полицияны шектен тыс жүктемелерден арылып, кәсіпқойлыққа бет бұруына жасалып жатқан әрекеттер екені даусыз. Сонымен қатар, полицияның біршама салаларының біліктілік талабы күшейтіліп, қызметке тек жоғарғы білімді азаматтар қабылданды. Бұл да полицияның беделін көтеру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар екені сөзсіз.

Қазақстандық полицияның

біліктілігін арттыру мақсатында жаңашыл реформалар енгізу бойынша да көптеген қадамдар жасалуда. Мәселен көпқабатты үйлердің, сауда орындарының, көпшілік жиналатын қоғамдық орындардың кіреберістерінде сол аумақтағы қызмет атқаратын учаскелік полиция қызметкерлерінің фотосуреттері мен телефон номерлері қазіргі таңда ешкімді таңдандырмайды. Тіпті Ішкі істер министрінің өзінен бастап облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі полиция басшыларының барлығы дерлік әлеуметтік желіде халықпен тікелей қарым-қатынас орнатып, пікір алмасуда.

Еліміздің әр өңірінде тәртіп сақшыларының жұмысын ашық көрсетіп халыққа қызмет көрсету орталығына негізделген фронт-офистер ашылды. Бұл қызмет түрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, полиция қызметкерлерінің халықпен коммуникациясын, парасаттылығын көтеріп, кез-келген жүгінуші азаматтардың талап-тілегін ашық түрде жеткізуіне жағдай жасап отыр.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері қызметтік міндетін атқаруда ерлігімен көзге түскен мыңға жуық полиция қызметкерлері марапатталса, өкінішке орай ерлікпен қаза болғандары жүзге жуықтапты. Айбыны асқақтап, ерлігімен көзге түскен осы азаматтарымыздың құрметіне орай мемориалдық тақта, ескерткіштер ашылуымен қатар, бейбіт күннің батырларының есімдерін көшелерге беріп, халықтың жадында мәңгілік есте қалатындай еңбектер жазып құрмет көрсету полицияға деген құрметті арттырады сөзсіз.

Бірақ сыбайлас жемқорлық сынды келеңсіз жағдайлардың әлі де болса орын алуы полицияның имиджіне нұқсан келтіріп жатқаны жасырын емес. Әлеуметтік желілерде көрініс беретін кейбір полиция қызметкерлерінің сауатсыздықтары, дәрекі іс-әрекеттері, өз қызметтерін асыра пайдалануы Қазақстандық полицияға әлі де болса біршама реформалар атқару керектігін байқатады.

Қазақстан полициясының бүгінгі жағдайына оралар болсақ, имиджді көтеру мақсатында ұсыныстар аз айтылып жатқан жоқ. Тіпті президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында халық үніне құлақ асатын мемлекет құруды, осы тұрғыда құқық қорғау және сот жүйелеріне реформаның аса қажет екендігіне назар аударды. Сонымен қатар, көрсеткіш қуалау азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келтірмеуі тиіс дей келе, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жаңа ұғымды қалыптастыру керек екенін атап көрсетті. Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, жұртқа жақын

полиция қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттілігіне тоқталды. Түзеу мекемелеріне және полицияның қызметтік ғимараттарына жаппай бейнебақылау орнатуды тапсырды.

Бұның барлығы әрине халықтың полицияға деген сенімін нығайтуға, полицияның шын мәнінде халықтың қорғаушысы әрі тыныштығын сақтаушы ретінде мәдениетін, біліктілігін арттыруға бағытталған шаралар екені айтпаса да түсінікті. Кадр даярлауда жас мамандардың тәрбие мәселесіне де аса назар аудару мамандардың кәсіби біліктілігін арттырады хақ. Әлемнің екінші ұстазы аталып кеткен Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзі бекер айтылмаса керек. Нақты жағдаймен салыстыра отырып айтар болсақ, құқық қорғаушы маманға шен беріп, қару ұстатардан бұрын оның ішкі жан дүниесін тәрбиелеп алу маңызды. Жүрегіне биік сана, озық парасат, таза ниет ұялатпайынша, құқық қорғаушыға кәсіби білімнің қажеті шамалы. Полицияның бойына патриоттық сезімді енгізіп, елін, жерін сыйлауға тәрбиелеп, іскер, мақсатшыл, ерік-жігері мығым, отансүйгіш құқық сақшысының рухани бейнесін енгізу басты жолға қойылуы керек.

Және де болашақта полицияның имиджін көтеру үшін әрбір қызметкердің тек қана физикалық дайындығын ғана емес, білімін тереңдету, яғни құқық қорғаушысы екенін санасына сіңіру қажет-ақ. Неге десеңіз, бізде әлі де болса үлкен мінбелерден заң үстемдігін сақтау қажеттілігі айтылып жатады. Яғни билік басындағылардың кейбірінің әлі де болса құқық үстемдігі мен заң үстемдігінің арақатынасын ажырата алмайтыны байқалады.

Еліміз өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялағандықтан біздегі әрбір азамат заңның рөлін құқықты қорғаудың құралы екенін түсінуі керек. Нақтырақ айтқанда, заң Конституцияда кепілдік берілген адам мен азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау жолында қызмет атқару керектігін, әрбір құқық қорғаушы орган қызметкері құқық жолында қызмет ететінін түсінуі қажет. Сонда ғана біздің полициямыз біздің мақтанышымызға айналады.

Отанын жанындай жақсы көретін биік парасатты, дүниетанымы мен ой-өрісі кең, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, азаматтардың конституциялық құқықтарымен бостандықтарын құрметтейтін құқық сақшысы елдің құрметіне бөлenerі анық.

Сәкен Есіркеп (strategy2050.kz порталынан ықшамдалып дайындалды, 10.11.2020 ж.)

Ер есімі – ел есінде

2020 жылғы 12 қарашада Ғазиз Байтасов қайтыс болу күні Қостанай станциясындағы ЖПБ таңертеңгі нұсқамалық беруде Қостанай станциясындағы ЖПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі С.Т. Мурзамағамбетова халық қаһарманы туралы ақпаратты жеткізді және полицейлер бір минут үнсіздікпен еске алды.



Байтасов Ғабит Әбдібекұлы 1971 жылы 3 сәуірде Жамбыл облысы Түймекент ауылында дүниеге келген. 1996 жылы Жамбыл облысы ІІД жол полициясында қызмет атқарған. Ішкі істер органдарындағы қызметін 1993 жылы бастаған. 2010 жылы ЖПБ 1-взодының командирі болып тағайындалған.

Иә, полиция капитаны Ғазиз Байтасов қазіргі заман қаһарманы болды.

2011 жылғы 12 қарашада Тараз қаласында тұрғындар арасына үрей туғызған аса қауіпті террористі ұстау барысында ерлікпен қаза тапты. Содан бері 9 жыл өтті. Ерлігі үшін оған қайтыс болғаннан кейін «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Ғ.Ә. Байтасовтың ерлігі әрқашан біздің жүрегімізде болып, жас ұрпақтың таңдап алған мамандығын мақтан тұтып, Қазақстан полициясының даңқты дәстүрлерін жалғастырып, қызметтік борышына адал болуларын көрсетеді.

Қостанай станциясындағы ЖПБ-де Байтасов Ғазиз Әбдібекұлына арналған естелік бұрышы бар. Жас қызметкерлерді ерлік пен патриоттық сезімде тәрбиелеу үшін жыл сайын қайтыс болу күні Ғ. Байтасовтың ерлігі еске алу үнсіздігімен жеке құрамның назарына жеткізіледі.

Қостанай ст. ЖПБ

Мектептерде жаңажылдық іс-шаралар өтпейді

Мектептерде мерекелік шаралар өтпейді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Айжан Есмағамбетова айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Мектепке барып оқып жүрген оқушылар үшін мектепте жаңажылдық мерекелік шаралар өтпейді», - дейді Айжан Есмағамбетова. Сондай-ақ, ол 1 және 16 желтоқсандағы мереке күндері қосымша карантиндік шектеулер болатын-болмайтынын айтты.

«Қосымша шектеу шаралары соңғы екі аптада ауырғандар санының өсуіне байланысты қабылданды. Осы уақыттағы біздің мақсат – карантин талаптарын орындау. Қазіргі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, өзінде қосымша карантин шаралары қабылданбайды. Мұндай шаралар әр өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты болады. Ал жағдайдың қалай болатыны біздің әрқайсысымызға байланысты», - дейді ол.